№ исх: 6-08/ЗТ-Ш-645 от: 04.06.2021

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

140000, Павлодар қ., академик Сатбаев көш.,136
Тел.: 8 (7182) 32 5 550
E-mail: fink.pavl@minfin.gov.kz

140000, г. Павлодар, ул. академика Сатпаева, 136
Тел/факс: 8 (7182) 32 55 50
E-mail: fink.pavl@minfin.gov.kz

_____ № _____

«Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС

Сіздің (2021 18.05. кіріс № ЗТ-Ш-645, 655, 2021 жылғы 19.05. № ЗТ-Ш-673) 2021 жылғы 17.05. № 103603, № 103567 өтініштеріңіз бойынша

ҚР ҚМ ІМАК Павлодар облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен (бұдан әрі - Департамент) Сіздің өтініштеріңіз бойынша, № 5714350-1 хабарландыруы бойынша «Павлодар қаласының № 1 жалпы орта білім беру мектебі» ММ мәжіліс және спорт залдарын күрделі жөндеу, есіктері мен еденін ауыстыру, кабинеттердің қабырғалары мен төбесін әрлеу және рәсімдеу, және өртке қарсы өрт хабарлағышын орнату» (Ұйымдастырушы - «Павлодар облысы Мемлекеттік сатып алу басқармасы», Тапсырыс беруші – «Павлодар облысы білім беру басқармасының Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 1 жалпы орта білім беру мектебі» ММ) мемлекеттік сатып алуы камералдық бақылаумен қамтылды, қорытындысы бойынша мыналар анықталды.

2021 жылғы 14.05. № 5266674 қорытынды бойынша хаттамасына сәйкес конкурстық комиссия Сіздің конкурстық өтініміңізге жұмыс тәжірибесінің бар болуына 3,2% шартты жеңілдікті берген болатын.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ережесінің 155-тармағы (бұдан әрі -Ереже) сәйкес, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша шартты жеңілдік береді.

Конкурстық құжаттама (ҚҚ) және Ереженің 5-қосымшасы 9-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің құрылыс (құрылыс-монтаж жұмыстары және жобалау) саласындағы жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде жиынтығында есепке алынады:

1) ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (біріншісі – жоғары, екіншісі – қалыпты, үшіншісі – төмен).

04.06.2021 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

2) объектілердің техникалық күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар).

3) функционалдық мақсаты (өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар);

4) бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе ұқсастығы тұрғын үй – азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заң) бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің бір кіші бөлімінде болған жағдайда ескеріледі.

Сонымен қатар, ҚҚ және Ереженің 5-қосымшасы 2 және 6-тармағына сәйкес, егер конкурстың мәні жаңа объектілерді салу, сондай – ақ қолда бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері.

Егер конкурстың мәні күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, жаңа объектілерді салу, қолданыстағы объектілерді кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмыстарының тәжірибесі ескеріледі.

Заңнаманың жоғарыда берілген талаптарын ескере отырып, шағымданған объектілер бойынша Сіздің конкурстық өтініміңізді зерттеу барысында мыналар анықталды.

Конкурстық комиссиясымен конкурстық өтініміңізге жұмыс тәжірибесінің бар болуына 3,2% шартты жеңілдікті негізді берілген.

Сонымен өтінішіңізде берілген конкурстық комиссиясымен Сіздің конкурстық өтініміңізге шартты жеңілдікті қате есептеу жөніндегі дәлелдеріңіз расталмады.

Камералдық бақылау ҚР ҚМ 2015 жылғы 30 қарашадағы «Камералдық бақылауды жүргізу ережесін бекіту туралы» № 598 бұйрығының 19-тармағына сәйкес жүргізілді.

Берілген жауаппен келіспеген жағдайда, ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12-бабына сәйкес Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) сот органдарына шағым беруге құқылысыз.

Басшының орынбасары **К.Ергашев**

Орынд. Госман А., тел. 32-55-50

Результаты согласования

04.06.2021 19:54:24: Капенова А. Т. (Отдел камерального контроля) - - согласовано без замечаний

04.06.2021 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)